

АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы N 176-ХІІІ Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-ІV Заңымен.

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 2009.09.18. N 193-ІV (қолданысқа енгізілу тәртібін 186-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. Тақырыбы жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

МАЗМҰНЫ

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жасырын тексеру - адамның жеке басын анықтамай, АҚТҚ жұқтыруын медициналық тексеру;

1-1) ЖҚТБ-мен ауыратын науқас - жұқтырылған қорғаныш тапшылығы салдарынан осы аурудың органдар мен жүйелерді жаппай зақымдай отырып өлімге апаратын үдемелі дамуымен сипатталатын АҚТҚ инфекциясының терминалды сатысындағы адам;

2) АҚТҚ - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы;

3) АҚТҚ инфекциясы - АҚТҚ-дан туындаған ауру;

4) АҚТҚ инфекциясын жұқтырушы - АҚТҚ жұқтырған адам;

4-1) диспансерлеу - денсаулық сақтау ұйымдарында АҚТҚ жұқтырған адамның және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастың денсаулық жағдайын байқау және оған емдеу-алдын алу көмегін көрсету;

4-2) құпия медициналық куәландыру - тексерілетін адамның жеке басы мен куәландыру нәтижелерінің дәрігерлік құпиясын медициналық қызметкердің сақтауына негізделген, адамның АҚТҚ жұқтыруына тексеру жүргізу;

4-3) медициналық куәландыру - адамның АҚТҚ жұқтыруына медициналық тексеру жүргізу;

5) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді жүзеге асыратын ұйымдар - негізгі қызметі халыққа медициналық көмек пен медициналық қызмет көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары;

6) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруды жүзеге асыратын органдар - өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды жүзеге

асыратын Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары;

7) ЖҚТБ - жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісі - адамның қорғаныш жүйесінің АҚТҚ-дан қатты зақымдануынан болған патологиялық белгілер байқалатын АҚТҚ инфекциясының соңғы сатысы;

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызметтер көрсету сапасына бақылау жасау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.07.07. N 172 Заңдарымен.

1-1-бап. Қазақстан Республикасының АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы

заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07 . N 172 Заңымен.

1-2-бап. АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік

реттеу

АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 1-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07 . N 172 Заңымен.

2-бап. <*>

Ескерту. 2-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

2-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды ;

2) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы бағдарламаларды бекітеді;

3) орталық атқарушы органдардың АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

Ескерту. 2-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 . N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2006.07.07. N 172 Заңдарымен.

2-2-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикада ЖҚТБ індеті таралуынан сақтандыру жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

3) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласында нормативтік құқықтық актілер әзірлейді және бекітеді;

4) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

5) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

6) АҚТҚ инфекциясын тіркеу, АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелері бойынша есепке алудың, есептіліктің тәртібін және құжаттама нысандарын айқындайды ;

7) ЖҚТБ-ға қарсы күрес саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру мониторингін ұйымдастырады;

8) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

9) АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды және алдын алу мен емдеу іс-шараларының мониторингін жүзеге асырады;

10) АҚТҚ жұқтырғандарға және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға тегін медициналық және дәрі-дәрмектік көмек көрсету, сондай-ақ жасырын тексеру мен құпия медициналық куәландыру тәртібін белгілейді .

Ескерту. 2-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.07.07. N 172 Заңдарымен.

2-3-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекітеді;

2) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы жұмыстың жай-күйі туралы жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың ақпаратын тыңдайды.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы өңірлік бағдарламаларды әзірлейді;

2) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) өңірде АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді қамтамасыз ету жөнінде шешімдер қабылдайды;

4) өңірлік бағдарламаларды іске асыру мониторингін ұйымдастырады;

5) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ өңірлік бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

б) мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 . N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2006.07.07. N 172 Заңдарымен.

2-4-бап. АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері

Мемлекет:

1) тегін негізде жасырын тексерудің, ерікті, құпия медициналық куәландырудың қолжетімділігі мен сапасына, АҚТҚ жұқтырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарды диспансерлеуді, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруді қамтамасыз етуге;

2) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар мен денсаулық сақтау ұйымдарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде АҚТҚ

жұқтырғандарға және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға тегін медициналық және дәрі-дәрмектік көмек көрсетуге;

3) АҚТҚ жұқтырғандар мен ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарды әлеуметтік және құқықтық қорғауға;

4) АҚТҚ жұқтырғандар мен ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарды ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде АҚТҚ инфекциясы мен ЖҚТБ кезінде қоздырғыштарға қарсы тегін әрі арнайы емдеуге;

6) АҚТҚ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруға;

7) АҚТҚ инфекциясы проблемалары жөніндегі ғылыми зерттеулерді дамытуға, АҚТҚ инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру үшін мамандар даярлауға;

8) АҚТҚ инфекциясы таралуының алдын алудың халықаралық бағдарламалары шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және ұдайы ақпарат алмасып отыруға кепілдік береді.

Ескерту. 2-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

2-5-бап. АҚТҚ инфекциясының алдын алу жөніндегі іс-шаралар

1. Қазақстан Республикасында АҚТҚ инфекциясының алдын алу жөніндегі іс-шаралар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген негізде және тәртіппен жүргізіледі.

2. АҚТҚ инфекциясының алдын алу жөніндегі іс-шаралар мынадай принциптермен жүзеге асырылады:

1) АҚТҚ жұқтырғандарға денсаулық сақтау ұйымдарында берілетін медициналық көмектің қолжетімділігі;

2) АҚТҚ инфекциясының алдын алуға қатысты ақпараттың қолжетімділігі;

3) ведомствоаралық (сектораралық) өзара іс-қимыл;

4) халықтың арасында АҚТҚ инфекциясының алдын алу мақсатында қоғамдық ұйымдарды тарту.

3. АҚТҚ инфекциясының алдын алу жөніндегі іс-шаралар:

1) халықтың әртүрлі топтарына арналған нысаналы алдын алу және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

2) халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АҚТҚ инфекциясы бойынша эпидемиялық ахуал және оның алдын алу шаралары туралы хабардар ету;

3) халықтың әр түрлі топтары үшін ақпараттық материалдар әзірлеу және тарату;

4) АҚТҚ инфекциясының жыныстық қатынас пен қан арқылы жұғуынан қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;

5) сенім, жасырын тестілеу, психологиялық, заңдық және медициналық консультациялар беру пункттерін ашу;

6) халыққа тері қабагтары бүтіндігінің бұзылуына байланысты қызметтер көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-5-бапмен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

3-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық, облыстық, қалалық орталықтар ЖҚТБ ауруын уақтылы анықтауға, емдеуге және оның таралуының алдын ала сақтандыруға бағытталған емдеу-анықтау, алдын алу, індетке қарсы шаралар кешенін орындайтын ерекше үлгідегі мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелері болып табылады.

3-1-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтың құзыреті

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық:

1) республикада АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды және алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді, есепке алу мен есептілік нысандарын әзірлеуге қатысады;

3) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

5) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтарға, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді ұйымдастыруға қатысты өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

7) АҚТҚ инфекциясын зертханалық зерттеулердің сапасын тексеруді жүзеге асырады;

8) дәрігерлерді, орта медицина қызметкерлерін мамандандыру мен олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға қатысады;

9) АҚТҚ инфекциясы мен ЖҚТБ-ға ұқсас инфекцияларды зертханалық зерттеулерді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 . N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2006.07.07. N 172 Заңдарымен.

3-2-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтардың құзыреті

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтар:

1) халықтың түрлі топтары үшін алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

2) АҚТҚ-ны жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға, халықтың түрлі топтарына медициналық, консультациялық көмек көрсетеді;

3) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) АҚТҚ инфекциясын диагноз қоюды, иммунологиялық, басқа да зертханалық зерттеу түрлерін жүзеге асырады;

5) ЖҚТБ індетінің алдын алу жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

6) өңірлік бағдарламаларды іске асыру мониторингін жүргізеді;

7) өңірде АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

8) халық арасында ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 . N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

4-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі шараларды қаржыландыру

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың ерікті жарналары, қайырмалдық қаржылар, қайырымдылық көмектер, сондай-ақ халықаралық қорлар қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**5-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының,
шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың
медициналық куәландырудан өту құқығы**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе онда жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың денсаулық сақтау ұйымдарында тегін жасырын тексерілуге, ерікті, құпия медициналық куәландырудан өтуге және АҚТҚ жұқтыру мәселелері бойынша консультация алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын азаматтар АҚТҚ инфекциясына арналған міндетті құпия медициналық куәландырудан өтуге тиіс.

2. Он сегіз жасқа дейінгі балалар мен әрекет қабілеті жоқ адамдарды куәландыру олардың заңды өкілдерінің келісімімен немесе олардың қалауы бойынша жүргізіледі.

3. Медициналық куәландырудан өткен адамның өз қалауы бойынша сол немесе басқа денсаулық сақтау ұйымында қайта медициналық куәландырудан өтуге құқығы бар.

4. Медициналық куәландыру кезінде АҚТҚ жұқтырған адамды анықтаған денсаулық сақтау ұйымдары оған тексеру нәтижелері туралы жазбаша түрде хабар беріп, өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтауға бағытталған сақтық шараларын орындау қажеттілігі туралы ұғындырады, сондай-ақ емделуден жалтарып, басқа адамдарға жұқтырғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы ескертеді.

5. АҚТҚ жұқтырғандар мен ЖҚТБ-мен ауыратын науқастардың диагностикасына, оларды емдеуге, зертханалық зерттеу нәтижелеріне қатысты мәліметтер құпия болып табылады және тек тікелей бұл мәліметтердің қатысы бар адамға, оның заңды өкіліне немесе денсаулық сақтау, прокуратура, алдын ала тергеу, анықтау және сот органдарының сұрауы бойынша ғана берілуі мүмкін.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. 240 Заңдарымен.

**6-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының,
шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың
медициналық куәландырудан өту жөніндегі
міндеттері**

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар олар АҚТҚ жұқтырған болуы мүмкін деген жеткілікті негіздер болған ретте денсаулық сақтау, прокуратура, тергеу мен сот органдарының сұрауы бойынша медициналық куәландырудан өтуге міндетті.

Куәландырудан өтуден немесе алдын алу бақылауынан жалтарған Қазақстан

Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге аластатылады.

Қазақстан Республикасының аумағында дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын шет мемлекеттердің дипломатиялық, өкілдік және консулдық мекемелерінің қызметкерлері мен өзге де адамдары куәландырудан тек өздерінің келісімдерімен ғана өтеді. Оларды куәландырудан өткізу қажеттігі туралы ұсынысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен алдын ала келіседі.

2. Қан және оның компоненттерінің, тіндер мен органдардың донорлары міндетті түрде медициналық куәландыруға жатады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

7-бап. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған адамдарды әлеуметтік қорғау

1. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырып алған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуге, амбулаторияда және тұрақты көмек алуға әрі емдеу орнына барып, қайтуымен байланысты шығындарды тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдары есебінен өтеуге құқығы бар.

2. алынып тасталды

3. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған балалар мен жеткіншектердің мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қамтамасыз етіледі.

4. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын адамдармен еңбек шартын тоқтатуға және оны жасасудан, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туысқандары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына қысым жасауға жол берілмейді.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.16. N 477 Заңымен , 2006.07.07. N 172 , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

8-бап. <*>

Ескерту. 8-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

9-бап. <*>

Ескерту. 9-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

10-бап. <*>

Ескерту. 10-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

11-бап. Дәрігерлік құпияны сақтау

АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауырған адамдар туралы мәліметтерді өздерінің қызмет міндеттерін орындаумен байланысты білетін медицина қызметкерлері мен басқа да адамдар заңмен қорғалатын осы мәліметтерді құпия сақтауға міндетті.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

12-бап. Еңбек қызметі АҚТҚ жұқтыру қаупімен байланысты адамдар

1. АҚТҚ жұқтырылған материалмен жұмыс істейтін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлерінің қызметтік және кәсіби міндеттерін орындау кезінде АҚТҚ жұқтыруы кәсіби ауруларға жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында тізілген адамдарға кәсіби ауруына байланысты жұмысқа уақытша жарамсыздығы кезеңіне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

13-бап. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын кәсіби жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауырған жағдайда медициналық және басқа қызметкерлерді сақтандыру

Қызмет міндеттерін атқару ЖҚТБ-мен кәсіби ауруға шалықтыруы мүмкін медициналық және басқа да қызметкерлер міндетті мемлекеттік сақтандыруға жатады.

Медицина қызметкерлері мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше атқармауы салдарынан адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдардың да өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтету құқығы бар.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

14-бап. ЖҚТБ ауруының алдын алу және емдеумен айналысатын медицина қызметкерлерінің жеңілдіктері

ЖҚТБ-ның алдын алу, емдеу-анықтау және ғылыми-зерттеу жұмысымен тікелей айналысатын ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар, басқа да денсаулық сақтау мекемелері мен ведомстволары, медицина және ғылыми-зерттеу институттары медицина қызметкерлерінің,

қызметшілері мен техник қызметкерлерінің қысқартылған алты сағаттық жұмыс күніне, ұзақтығы күнтізбелік жиырма төрт жұмыс күн төленетін қосымша демалысқа, кәсіби зияндылық үшін белгіленген жалақының 60 проценті мөлшерінде қосымша еңбекақы алуға құқығы бар.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

15-бап. АҚТҚ жұқтырғандардың және ЖҚТБ-мен ауыратындардың құқықтары мен міндеттері

1. АҚТҚ жұқтырғандардың және ЖҚТБ-мен ауыратындардың:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарттарда көзделген Қазақстан Республикасы азаматтарының барлық құқықтарын пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде диспансерленуге және тегін емделуге құқығы бар.

2. АҚТҚ жұқтырғандар мен ЖҚТБ-мен ауыратындар өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтау жөнінде сақтық шараларын орындауға міндетті.

АҚТҚ жұқтырғандарға қан және оның компоненттерінің, тіндер мен органдардың донорлары болуға тыйым салынады.

Ескерту. 15-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

16-бап. Қазақстан Республикасының АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 16-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 172 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*